

Когниталогия және когнитивизм



- Когнитивті лингвистика – тіл арқылы қоршаған ортаны, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып-білудің ғылыми-теориялық негіздерін қарастырады.



**Қазіргі заман лингвистикасында
тіл негізінен екі парадигманың
негізінде зерттеледі:**

**структурацентристік
парадигма**


**антропоцентристік
парадигма.**





**Когнитивизм – зерттеу принциптері
адамның ойлау процесіне
негізделетін ғылымдар жиынтығы.**


**Олар тілді адам ойындағы
ақпаратты өңдейтін жүйе ретінде
қарастырады. Когнитивтік
лингвистика бойына бірнеше
бағыттағы ұстанымдарды
сабақтастыра отырып,
антропоцентристік зерттеулердің
жүйесін дамытуда.**



Концепт – адам санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі. Бұл терминді алғаш рет тақуа философ Ансельм пайдаланған. Термин латынша concertion – жиынтық, байланыс, жүйе, заң актілерін тұжырымдау, қойма, сөйлем сияқты мағынаны береді.




Категория. Категория – адам ойының танымдық формаларының бірі. Ол – адам тәжірибесін жалпылауға, жіктеуге мүмкіндік беретін ерекше ұғым. Категория туралы алғашқы түсінікті Аристотель берген болатын. Оның пайымдауынша, әр категория қажет әрі тануға жеткілікті белгілермен сипатталады. Қазір танымдық категория әр түрлі заттарды белгілі бір қасиеттеріне орай жіктеу, топтау негіздерімен, материя мен оның әрекеттерін сипаттайтын формаларды кластарға, топтарға біріктіру мүмкіндігіне ие

A photograph of a suspension bridge at dusk. The bridge's steel structure and cables are silhouetted against a deep blue sky. In the background, a city skyline is visible, including a prominent skyscraper. The bridge deck is made of wooden planks, and a street lamp is visible on the left side.


Лингвистикада фрейм ұғымын енгізген ғалым Ч.Филлмор. Ол өз ойын екі мәселе негізінде түсіндірді:

- Сөз мағынасы жіктеуге келетін бөлшектер жиынтығы түрінде ғана емес, сөйлеуші мен тыңдаушыға әсер ететін таныс деректерден жинақталған тұжырымды құрылым не пайыммен топталған тәжірибе үлгісі ретінде қарастырылуы керек;
- Фреймдер белгілі бір «сценарий» үлгісі бойынша соның баламасы ретінде дүниеге келетін лингвистикалық нұсқалар жиынтығы болуы қажет, модуль ұғымымен мәндес.




Фрейм – тіл арқылы жүзеге асатын қалыпты жағдайлар мен оқиғалар туралы білімдер тізбегі.

Білім – бұрыннан орныққан тәжірибе мен қалыптасқан түсінік негізінде субъективті-объективті қатынастарды реттейтін, сөйтіп тұжырымдар мен қорытындыларды негіздеуге көмектесетін, бір мақсатқа бағытталған әрекет.



Зейін – хабарды өңдеу барысында айқын байқалатын әрі сол хабарға не болмаса объектіге, яки процеске назар аударуға мүмкіндік беретін танымдық қабілет.

Жады – адамның өзі мен өзін қоршаған әлем туралы хабарларды есіне сақтауының, танымдық және ментальды көзқарастарға негізделген тәжірибе мен білімді жинақтауының әрі адамға жан-жақтан келіп түскен мәліметтерді реттеп жүйелеуінің когнитивті қабілеті.



Гештальт. Тілдік гештальттар теориясын ұсынған Дж. Лакофф оларды тілдің терең мағыналы ерекше бірліктері деп көрсетті. Қ.Жаманбаева «Гештальт – образ, форма, бір сөз болуы да мүмкін. Жалпы гештальт деген сөздің мағынасының өзі «бейне, құрылым, біртұтас форма» дегенді білдіреді. Ол бір жүйе, құрылым. Ол тосыннан жарқ етіп, ерекше күй арқылы дүниеге келеді» деп түсіндіреді.



Орындаған: Битлеуова А.Д.
ҚТӘ 311топ
Тексерген: Сырлыбаева Г.Т.

